

Ленин туул

«арлык елдердн пролетарлары, бiрiгiндер!»

КК(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және КК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

№ 102 (7062)

Сенбі 26 май 1945 жыл

Шығуына 27-жыл
Және саны 20 т.

Емтихан жоғары дәрежеде өткізілсін

Облысымыздың мектептері аса жауапты кезеңге кірісті. Ауыл-селолық жерлердегі мектептердің 4-класстарында 21 майдан бастап оқушылардан емтихан алу ісі басталды. 4-июннен бастап, 7-және 10-класстарда емтихан басталады. Сол сыяқты, қалалық және ауыл-селолық мектептердің 5-6-8-9-клас оқушыларын жоғарғы класқа көшіру жөнінде сынақ алу ісі жүргізіледі.

Бұл сын жеке оқушылар үшін ғана емес, сонымен қатар мектеп оқытушылары үшін де зор сын. Өйткені олардың жыл бойғы істеген еңбегі, жас жеткіншектерге берген білімі осы сынақ үстінде айқын көрінеді. Демек, сынақ оқушылардың жыл бойына алған білімінің дәрежесін сынап ғана қоймай, мұғалімдердің де оқушыларға берген тәлім-тәрбиесі мен білімі сынақ арқылы таразыға салынады.

Быйыл емтихан алу ісі гитлершіл Германияға қарсы ұлы Отан соғысы біздің толық жеңісімізбен аяқталып, бейбітшілікпен даму дәуірі басталып отырған қуанышты кезеңде өткізілетіні отыр. Бүкіл совет халқымен бірге облысымыздың сан мыңдаған оқушылары мен оқытушылары тарихи жеңісімізбен жігерленуде. Берлин үстінде жеңіс туын тіккен Қызыл Армиямыздың бұл тамаша жеңісі хұрмегіне, облыс мектептері коллективтерінің жас жеткіншектердің жазғы емтиханнан мүдірмей өтуі үшін зор күш жұмсайтындығы күмәнсіз.

Жазғы емтихан алу жұмысын Одақтық Халық Комиссарлары Советінің 1944 жылғы 21 июньдегі «Мектептерде оқу сапасын жақсарту шаралары туралы» қаулысына сәйкес жүргізу мақсатында мектептерде сынақ комиссиялары құрылу керек. Осы қаулыға сәйкес, облысымызда жоғарғы клас оқушыларының білімін сынау үшін 10 комиссия және 4-клас оқушыларынан емтихан алу үшін құрылған комиссиялардан тыс 7-клас оқушыларынан емтихан алу үшін 47 комиссия жұмыс істемек.

Сынақ комиссиясының әрбір мүшесі мен оқу орындарының өкілдері оқушыларға сұрақ қойып, олардың білім дәрежесін, мінез-кұлқын жете білу ісіне белсене қатысулары керек. Сынақ комиссиясының мүшелері мектептен орта дәрежелі білімді, білімнің жана сатысына қадам басқан жастардың көлеміне қамқорлық жасап, олардың біліміне лайықты баға беруі керек.

Емтихан алуға ерекше жауаптылықпен қарау, әсерсе мектеп директорларынан қатты талап етіледі. Мектепте оқу үлгеруі біркелкі жүргізіліп келген бірнеше клас болуы мүмкін. Мұндай жағдайда мектеп директорлары оқушылардың біліміне тиісін баға бере алатын тәжірибелі оқытушыларды әр класқа дұрыс бөліп, емтихан алу жоспарын күнілгері жасауы керек. Сол сыяқты аудандық оқу бөлімдері мен жергілікті советтер білім сынаудан өтетін оқушыларға жете көңіл бөліп, қамқорлық жасауға тиіс. Оқушыларды емтихан алу пункттеріне жеткізу үшін арнаулы көлік бөліп, жатақ үймен, азық-түлікпен қамтамасыз етуге, сол сыяқты мектеп басшылары оқытушылар үшін нұсқау өткізіп, оқушылардың емтиханға дайындалуына нақтылы көмек көрсететін болсын.

Қазір мектеп оқушылары сынақтан өтуге қызу әзірленуде. Әрбір оқушы емтиханға мүлтіксіз әзірлікпен келуге тиіс. Сөйтіп олар емтиханнан мүдірмей өтулері керек. Оқытушылар емтиханға келген оқушылар арасында тәлім-тәрбие, түсінік жұмысын шын мәнінде жүргізетін болсын.

Емтихан алу кезінде мектеп комсомол ұйымдарының алдында да зор міндеттер тұр. Олар оқушылардың білім сынағына үлгілі әзірленіп, мүдірмей өтуі үшін күш жұмсауға міндетті. Мұнымен қатар, бір кластан екінші класқа көшуге тиісті оқушылардан сынақ алу ісіне де жеткілікті назар аударылыс. Бұл оқушылар үшін

ҚУНАРЛЫ МАЛАЗЫҒЫ ҚОРЫН ЖАСАЙЫҚ

Ж. ТӘШЕНОВ,

КК(б)П обкомі секретарінің мал шаруашылығы жөніндегі орынбасары

мүлде құндырап кетуіне әкеп соғып отыр.

Міне, бізде істің жайы осындай. Алайда аудандар мен колхоздардың басшылары мал шаруашылығында шығынның көп болып отырғандығынан тиісті қорытынды шығармай, мал азығының берік қорын жасау жөнінде шешуші шара қолданбай келеді. Социалистік мал шаруашылығының өсуіне кедергі болып отырған мұндай жағдайға бұдан әрі төзуге тінті болмайды.

Берік мал азығы қорын жасауда сапалы пішен әзірлеудің ерекше зор маңызы бар. Сондықтан да пішен әзірлеу ісіне жете көңіл бөлінуі керек.

Облыс колхоздарында пішен шабуға әзірлік жөнінде не істеліп жатыр? Пішен шабатын машиналарды жөндеу қарқыны пішен шабудың дер кезінде басталмауы және пішен шабу жоспарының орындалмауы хауһіп туғызып отыр. Кейбір МТС-тарда пішен жыйнайтын және шөп сүрлейтін машиналарды жөндеу жөнінде мардымды ештеңе істелмей келеді.

Осы жылғы 20 майға дейін облыс колхоздарында шөп машиналарын жөндеу жоспары 13,5 ат тырнауыштарын жөндеу жоспары 11,2, лоботрейкаларды жөндеу жоспары 7 процент ғана орындалды. Жекелеген колхоздарда шөп машиналарын жөндеу жұмысы әлі күнге дейін қолға да алынған жоқ. Мұның өзі құнарлы мал азығының берік қорын жасау ісіне бірталай жерлерде назар аударылмай отырғандығын көрсетеді. Пішен шабу жұмысының басталуына санаулы ғана күндер қалды. Жеткілікті мөлшерде сапалы пішен әзірлеу үшін шөп шабуды қысқа мерзімде өткізіп, егін жыйнау жұмысы жаппай басталғанға дейін жоспарды толық орындайтын болу керек. Бұл партия, комсомол ұйымдарының, совет және жер орындарының, колхоздар мен МТС-тардың басшыларынан шөп машиналарының 5 пайызға дейін толық жөндеуін қамтамасыз етуді талап етеді. Әрбір жөнделген машина аудандық партия комитеті мен аудандық совет аткомі ұйымдастырған комиссия арқылы қабылданылуға тиіс.

Өткен жылға қарағанда быйыл Сельхозснабта ауыл шаруашылық машиналарына керекті қосалқы бөлшектер жеткілікті болып отыр. Бұл—шөп машиналарын неғұрлым сапалы жөндеуге мүмкіншілігіміз жеткілікті деген сөз. Әрине, бұдан колхоздарды қосалқы бөлшектермен жабдықтауда ешбір қиыншылық жоқ деген ұғым тұмайды. Көптеген бөлшектер

қартылу немесе жөндеуге тиіс. Шөп машиналарына қосалқы бөлшектер әзірлеу жоспарын орындауда Малахов және Резчик жолдастар директор болып істейтін заводтарға, Мамлют механика заводына (директоры Сивохин жолдас) зор талап қою хажет. Осы сыяқты колхоздар шөп жыйнайтын жабайы құралдар—айырларды, қол тырнауыштарды, қайрақтарды, сырмаларды, балгаларды тағы басқаларын жеткілікті мөлшерде әзірлеуге тиіс.

Колхоздарда шабындық жерді іріктеп алу, сол сыяқты оларды өрттен сақтау және шабындық жері жеткіліксіз колхоздарға мемлекет қорынан шабындық жер беру ісі ескерілуіне тиіс.

Быйыл пішен шабу науқанын өткізуде азықтың сапасы өте жоғары пішен шабу ісіне ерекше көңіл бөлінетін болсын. Бұл пішен шабу агротехниқасын қатаң бақылауды талап етеді. Сөйтіп пішен шабу және шабылған пішенді малға арасында алмастыққа жол берілмейтін болсын. Шабылған пішеннің кемінде 60 проценті пішен шабу кезінде дереу қыстаулар жанына тасылып алынсын.

Пішен шабу кезінде бригадаларда еңбекті дұрыс ұйымдастырудың, бригадалар және бригада ішінде жеке адамдар арасында социалистік жарысты өрістетудің, сол сыяқты пішен шабуда жүрген таңдаулыларға қосымша ақы төлеудің шешуші маңызы бар.

Мал азығы қорын жасауда МТС-тар зор жұмыс атқаруға тиіс. МТС-тарда кең қамтығыш 77 трактор шөп машинасы және шөп сүрлейтін 20 машина бар. Бұларды жұмысқа пайдалану арқылы МТС-тар колхоздарға үлкен көмек көрсете алады. Әрбір трактор шөп машинасымен пішен шабу кезінде 1000 гектар жердің пішені еркін шабылатындығын еске алатын болсақ, онда облыстың машина-трактор станциялары колхоздар үшін 1945 жылға тағайындалған мал азығын дайындау жоспарының 20 процентін орындаған болар еді.

Колхоздарға шөп шабу кезінде көмек көрсету жөнінде МТС басшыларынан бірталай жұмыстар істеу талап етіліп отырғандығына қарамастан, олар әлі де болса бұл маңызды жұмыстан сырт қалып отыр. Демек 1944 жылғы МТС-тар 64600 гектар пішен шабуға тиіс болса, мұның 33,2 процентін ғана орындады. Бұл пішен шабу жөнінде колхоздарға берілген жоспардың орындалмауына көп әсер етті.

МТС директорлары быйыл бұл жұмыс

рын жөндеуді тез аяқтауға күш жеткізіп, әрбір машинамен маусымда 1000 гектар пішен жабдығыш қысқа ету хажет. Быйыл әрбір МТС шабу жоспарын толық және арт орындауға міндетті.

Мал азығының берік қорын жасау ендігі бір қайнар бұлағы—ферма да мал өсірушілердің күшімен жемірлі өсімдіктер және дәнді егіс болады. Одақтық Халық Комиссарлары Советі мен КК(б)П Орталық Комитетінің 1941 жылдың өзінде-ақ мал шаруашылығының өнімін арттыруда құнарлы азығының зор маңызы бар екенін атап көрсетіп, әрбір ферма жанында кемінде 1,5 гектар жеміс тамырлары егуді, бұл жұмысты тек мал шілердің күшімен атқаруды ұсынды. Учаскелер алынған өнім мал фермаларына беріліп, ол мал азығына пайдаланылады. Мал өсірушілерді ферма жанындағы егіс учаскесін жұмыстауға ындыру мақсатында әрбір тонна жемірлі өсімдік өсіргені үшін оларға беккүнді артық есептеу, сол есеп оларға жоспардан тыс алынған өнімнен бір бөлісін қосымша ақыға ұсынылды.

Алайда ферма жанында жеміс тілі өсімдіктер егу жөніндегі бұл нұсқа көп жерлерде жете мән берілмейтін бұдан әрі төзуге болмайды. Солтан ферма жанында жеміс тамырлы өсімдіктер егу жоспарын әрбір қартығымен орындайтын болсын.

Мал шаруашылығын құнарлы малға қосымша қамтамасыз етуге сүрленген тің ерекше зор маңызы бар. Егер жылы облыс колхоздарына 20 мыңна шөп сүрлеу жоспары беріліп отырса, бұл жоспарды анағұрлым артық орындау мүмкіншілігіміз толық жеткілікті. Бұл үшін колхоздар жеткілікті мөлшерде күнбағыс егуге тиіс. МТС-тар мен колхоздардағы шөп сүрлейтін машиналарды жөндеуге хажет. Мал шаруашылығы қызметкерлері шөп сүрлейтін оқушыларды дер кезінде әзірлеп, шөптің июль айларында сүрленуін қамтам етуі керек.

Шөп сүрлеу жұмысы агротехника жоғары дәрежеде өткізілуіне тиіс. сонда ғана сауын сыйырлардан сүт шердетіден анағұрлым артық алынатынын өйткені сүрленген шөпте витамин зары көп болады.

Колхоздардың қоғамдық мал шаруашылығына құнарлы мал азығы қорын сау партия, комсомол ұйымдарының, жер жер орындарының, совхоздар колхоздардың басшыларының және директорларының жауапкершілік міндеті.

лықты жүзеге асырылғандығы байқалмақ.

Быйылғы оқу жылында оқушылар мен оқытушылардың алдына қойылған талапты мектептеріміздің көпшілігі аброймен орындады. Қазір олардың алдында істелген жұмысты тыңғылықты және байсалды түрде қорыту міндеті тұр. Мектептерімізде быйылғы жылы 10-клас оқушылары үшін тұңғыш рет оқушылардың толық орта дәрежелі білім алғандығын сынайтын емтихан алу ісі жүргізіледі. Бұл емтихан әрбір оқушының білім дәрежесінің толық әрі саналы болуын және мектептен тиісті дәрежеде білім алып шығуын байқау үшін жүргізіледі. Оқушылардың толық білім алуын сынайтын емтиханда сынақтан мүдірмей өткен таңдаулы оқушылар алтын және күміс медальдармен наградталады. Оқушының білім дәрежесі дәлме-дәл бағалануға, білімі емтихан ережесіне сай емес оқушы келесі класқа көшірілмеуге тиіс. Тек программа көлемі не білімі сай оқушы ғана келесі класқа көшіріліп, мектепті бітіргендігі жөнінде документ ала алады.

Сондықтан да оқушылардың біліміне қарай тиісті баға қоюға сынақ комиссиясының барлық мүшелері тікелей жауапты.

Отан соғысына қатысушыларға жоғарғы дәрежелі оқу орындарына түсерде көрсетілетін көмек

Мыңдаған жас жігіттер мен қыздар Отан соғысы күндері майданға аттануымен байланысты оқудан қол үзді және олар қазіргі күнде жоғарғы дәрежелі оқу орындарына түсерде әдіс жағынан көмек тілейді. Оларға мұндай көмек көрсету үшін быйыл еліміздің жоғарғы дәрежелі оқу орындарында дайындық бөлімдері мен курстардың саны едәуір көбейтілді. Бұл бөлімдерге орта дәрежелі білімі бар немесе орта мектептің 9-класын бітірген және оқуға қайта түсерден кем дегенде бір жыл бұрын ғана оқудан қол үзген адамдар, ал курстарға тек орта дәрежелі

жесі шақырылып, мұнда әрбір оқушының, әрбір класстың емтиханға қатысуға жарайтындығы немесе сабақты пысықтауға қалдырылатындығы жөнінде мәселе қаралады.

Емтихан басталатын күн таяу қалды. 4 июньда емтихан комиссиясы мен ассистенттер оқушылардың білімін сыңау және оған баға беру сыяқты жауапты жұмысқа кірісіпек. Комиссиялар сынақ басталған күннен бастап оның қорытындысын күнбе-күн шығарып отыруға тиіс. Бұл—сынақ ісінде кездескен кемшіліктерді дереу жойып отыруға мүмкіндік береді. Сондықтан алғашқы күннен бастап, сынақ қорытындысын күн сайын шығарып, кездескен кемшілікті келесі күні қайталамау ісін көздеу керек.

Оқушылардан емтихан алу ісін ойлағандай өткізіп, жас буындарға саналы білім, саналы тәлім-тәрбие беру жұмысын мейлінше жақсарту түсейік. Жастарды сүйікті Отанымызға, Ленин—Сталиннің ұлы партиясына шексіз берілген отаншылдық рухта тәрбиелеу—әрбір мұғалімнің, бүкіл мектеп коллективінің ардақты борышы.

білім алған адамдар ғана қабылданады. Курстар мен бөлімдерде толық орта дәрежелі білімі бар адамдар үшін оқу мерзімі—ең көп дегенде 4 ай, ал 9-класстың білімі бар адамдар үшін—9 ай болып тағайындалды.

Оқу аяқталғаннан кейін, толық орта дәрежелі білімі бар адамдар тікелей жоғарғы дәрежелі оқу орнының өзінде емтихан тапсырады, ал 9-класстық білімі барлар толық орта дәрежелі білім алғандығы туралы аттестат алу үшін орта мектептердің бірінде емтихан тапсырады. (ТАСС).

Пішен шабуға әзірленуде

Ворошилов атындағы ауыл шаруашылық артелінің (Соколов ауданы) мүшелері пішен шабу маусымына қызу әзірленіп жатыр. Колхоздың темір ұстасы Владимир Воронежский жолдас қазірдің өзінде 3 шөп машинасын жөндеп қойды. Ағаш шебері Матвей Мандрыгин және Илья Попов жолдастардың әрқайсысы ағаштан 20 қол тыр/ауыш және 10 айыр жасады.

Қазір колхозда мал қораларын жөндеу ісі басталды. Қыстау жанына тасылатын пішенді үйетін орын жабықталды.

Пішен шабуға әзірлік және мал қораларын жөндеу жұмысында мал өсірушілердің өздері жұмыс істеп, күн сайын 2—3 мөлшер орындай жүр.

Н. ХАМИДУЛЛИН,

Возвышен совхозының табысы

Жақында облыстық совхоздар тресі мен совхоз жұмысшылары облыстық кәсіпшілік одағының президиумы совхоздардың көктемгі егіс кезіндегі социалистік жарысының қорытындысын шығарды. Жарыс қорытындысында Возвышен астық совхозының (директор Титов-партия ұйымының секретарі Золотухин жолдастар) үздік шыққандығы көрінді. Мұнда егіс жоспары 100 процент орындалып, 24 майға дейін жоспардан тыс 120 гектар егіс егілді.

Совхоздар тресінің дирекциясы мен совхоз жұмысшыларының облыстық кәсіпшілік одағы президиумының ауыспалы Қызыл туы социалистік жарыста артта қалып қойғаны үшін Чистов совхозынан қайтып алынып, Возвышен астық совхозына тапсырылды.

Ш. АЙТБАЕВ.

Совхоз жұмысшыларының облыстық кәсіпшілік одағы президиумының председателі

Ф. САВИЦКИЙ,

Облыстық астық совхозы тресінің директоры.

385 килограм жанармай үнемдеді

Ленин ауданындағы Образцовая машина-трактор станциясының алдыңғы қатарлы тракторшылары көктемгі егісті аяқтау жөніндегі онкүндік кезінде қажірлі жұмыс істеп, республикамыздың 25 жылдығы атындағы социалистік жарыста алған міндеттемелерін зор аброймен орындап жүр.

Тракторшылар Анна Ветрова және Александра Столярова жолдастар «Славянка» ауыл шаруашылық артелінің егін даласына келген күннен бастап, қажымай-талмай жұмыс істеуде. Олардың әрқайсысы СХТЗ тракторымен бір сменада 3,15 гектар жер жыртыу орнына 6 гектар жер жыртып жүр.

Ветрова және Столярова жолдастар егіс даласына көшіп шыққалы 214 гектар жер жыртып, 385 килограм жанармай үнемдеді. Колхоз басқармасы бұл таңдаулылардың әрқайсысына сыйлыққа бір-бір қой берді.

Ф. ПОТУДАНСКИЙ.

Облысымыздың егіс даласында

Аудандардың көктемгі егісті өткізудегі социалистік жабысы

Облыстық жер бөлімінің мәліметі бойынша, облысымыздың колхоздары 24 майға дейін 212529 гектар жерге тұқым сеуіп, егіс жоспарын 70,8 процент орындады. 23 майда небары 8354 гектар жерге ғана тұқым себілді. Сөйтіп соңғы бір күнгі өсім 2 проценттен аздап ғана артты.

Егісте бұрынғыша Октябрь ауданының колхоздары алда келеді. Мұнда 35700 гектар егіс егіліп, жоспар 81,2 процент орындалды. Егіс жоспарын Ленин ауданының колхоздары 78,6 процент, Петропавл ауданының колхоздары 78,5, Мамлют ауданының колхоздары 76,6 және Полудень ауданының колхоздары 69 процент орындады.

Егісте әсіресе Совет, Соколов, Булаев және Кониохов аудандары артта келеді. Кониохов ауданының колхоздары егіс жоспарын 50,8 процент ғана орындады. Мұнда 23 майда бар болғаны 461 гектар жерге ғана тұқым себілді. Совет ауданының колхоздары бір күнде 1080 гектар жерге тұқым себу орнына, 652 гектар жерге ғана тұқым септі. Егістің барысы Соколов және Булаев аудандарында да осы сыяқты мардымсыз болып отыр.

Колхоздар 23 майда 7184 гектар ғана жер жырты. Ал бір күнгі тапсырма 8000 гектар еді. Жер жыртыу жоспары облысымызды жалпы алғанда 70,3 процент ғана орындалды.

Жер жыртыу жоспарын Петропавл ауданының колхоздары 82 процент, Октябрь ауданының колхоздары 80,3, Ленин ауданының колхоздары 76,6, Полудень ауданының колхоздары 73,8 және Приешім ауданының колхоздары 70,7 процент орындады. Соңғы бір күнде Преснов және Мамлют аудандарында жер жыртыу жөніндегі тапсырма артығымен орындалды. Мамлют ауданында 730 гектар орнына, 861 гектар, ал Преснов ауданында 1050 гектар орнына, 1163 гектар жер жыртылды.

Жер жыртыуда бұрынғыша Соколов, Булаев және Кониохов аудандары артта келеді. Демек, жер жыртыу жөніндегі тапсырма Булаев ауданында 64,7 процент, Соколов ауданында 60,5 және Кониохов ауданында 53,6 процент ғана орындалды.

Бүгін—көктемгі егісті аяқтау жөніндегі онкүндіктің жетінші күні. Алайда, егіс жұмысының барысы әлі баяу. Сондықтан онкүндік кезінде егіс жұмыстарын толық аяқтамаған бірде-бір колхоз қалмауы үшін, колхоздардың барлық күш-мүмкіншілігі егісті аяқтау ісіне толық жұмылдырылуға тиіс. Қазір жергілікті партия, комсомол ұйымдарының, совет және жер орындарының басшыларынан, колхоз басқармалары мен МТС және совхоз директорларынан осы талап етіледі.

Күшті қарқынмен жұмыс істейміз

Адамзаттың қас жауы—неміс-фашист басқыншыларға қарсы Ұлы Отан соғысының біздің жеңісімізбен аяқталғаны бригада мүшелерін зор қуанышқа бөледі. Бригада егіншілері бұл қуанышты хабарды естігеннен кейін бейбіт өркендеу кезінде де бұрынғыдан да күшті жігермен жұмыс істеп, табысқа жетуге уәде берді.

Егіншілер сөздерін іс жүзінде ақтады. Олар көктемгі егісті аяқтау жөніндегі онкүндіктің алғашқы күндерінде егіс жоспарын 100 процент орындап шықты. Демек, біздің бригада 150 гектар егіс екті.

Егіс кезінде егіншілер арасындағы үгіт-көпшілік жұмысына ерекше көңіл бөлінді. Алдыңғы қатарлылардың тәжірибесі жұртшылық игілігіне айналдырылды. Бригадамызда қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктар үзбей шығарылып бұларда алдыңғы қатарлылардың жұмыс тәжірибесі айтылып, артта қалғандар қатты сыға алынды. Үгітші Басыбаев және Қазыбекова жолдастар үгіт-көпшілік жұмысын тікелей қос басында жүргізді. Мұның өзі колхозшыларды жан қырлық еңбекке жігерлендірді.

Осының нәтижесінде бригадамызда егіншілердің басым көпшілігі стахановшылар қатарына қосылды. 60 жастағы соқашы Қаратаев қарт күн сайын 1,5 гектар орнына, 2,2 гектар жер жыртыуда болды. Мұнымен бірге, Қаратаев қарт өзінің қарауындағы қоліктердің тоқтаусыз жұмыс істеуіне жетісті. Осы сыяқты, Касенова, Қонысбаев және Мақышев жолдастар да колхозды ауылымыздың таңдаулылары қатарына қосылды.

Біздің бригаданың егіншілері Қазақстанның 25 жылдығы атындағы социалистік жарысқа ұштасқанда, егіннің әрбір гектарынан кемінде 9 центнер өнім алуға міндеттенген еді. Біз бұл міндет-темізді аброймен орындап шығу үшін, бұрынғыдан да күшті жігермен жұмыс істейміз егінді күтіп, баптау жұмысын үлгілі ұйымдастырамыз. Сөйтіп, егер біз егіс кезінде Ыбыраев жолдастың басқаруындағы 2 бригаданы озып шыққан болсақ, егістен кейінгі ауыл шаруашылық жұмыстарында да алда болып, үздік табыстарға жетеміз.

Т. ҚАСЕНОВ, Преснов ауданындағы «Тауағаш» колхозының № 1 егін бригадасының бригадирі.

Егіс сапасы арттырылсын

Мамлют ауданының алдыңғы колхоздары егіс жұмыстарын күшті қымыл әрі саналы жүргізуде. «Құпия», «Красный орен» және Виатындағы колхоздарда егіс дер кезінде техникалық жоғары дәрежеде өтілі отыр. Бұл колхоздар егіс алаңын мәлімде ойдағыдай жұмыстауда.

Алайда, ауданның кейбір колхоздарда егіс жұмыстарының барысы да осы да қанағаттанғысыз болып келеді. Мәселен, «Пробуждение» колхоз (председателі Пилипаев жолдас) 30 гектар егіс алаңына тұқым себіліп, алаң бірнеше күн бойына тырмаланған. Ал, себілген тұқым құсқа жем ған. Осының салдарынан колхоз бұл жерге қайта тұқым сеуіп, оны малауға мәжбүр болды.

Андреев жолдас председатель біз істейтін «Новый путь» ауыл шаруашылық артелінде егіс жұмыстарының қызы баяу болып отырса, оның агреникалық шаралары да өрескел тұрмалануда. Жақында осы колхоз трактор бригадасы 60 гектар жерге тұқым септі. Ал бұл жер мүлде тырмаланбаған еді. Тракторшы Анна Бривош жолдасының жұмысқа жауапсыз қар-

салдарынан бұл алаңға кемінде 50 килограм егіс тұқымы артық себілді. Олма, себілген тұқымның басым көпшілігі жерге сіңірілмей қалды. Өйткені, тұқым сеңкіштің төрт тілі айналмағандықтан, олардан түскен тұқым жер беті ашық қалып отырды. Мұнымен қатар трактор және тұқым сеңкіштердің далағы басқан жерлерге себілген тұқым да жасырылмады.

«Путь к социализму» колхозында егіс жұмыстарының қарқыны мен сапасы ойдағыдай деп айтуға болмайды. Алайда мұндай фактілер көптеп саналады. Бірақ, аудан басшылары осыған орынсыз төзіп келеді.

Аудандық жер бөлімінің қызметкерлері егіс жұмыстарының сапасына көңіл бөлемейді, ал оның меңгерушісі Константин жолдас бүкіл егіс бойына келсе бағылыққа салынып алды. Ол соңғы кезтек ғана мәлімет жыйнаумен мәз болып жүр.

М. ХОЛИН.

Абайдың туғанына 100 жыл толу қарсаңында

АБАЙ-ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ АҚЫНЫ

ақ халқының ұлы ақыны, ақыл-ойыш кемелері Құнанбайұлы Абайдың туғанына осы жыл август айында жүз жыл толады.

Бұл тар заманда, «соқтықпалы соқпақ жерде, халықтың итлікті ісіне қарсы и жалғыз алысып, халқының көшін жоқта—мәдениет, өнер-білім жолы астады. Халқының тарихын өзгертіп, жеті жолында қажымай еңбек етті. И, қазақ елінің дәл бүгінгідей, еркін ерекшелі, бірлік, күшті мәдениетті, бақытты ел болуын көкседі.

Жекелі болса ел, басы жайлау ол бір көл, пырағы жайқалып, теңізтайды, соқса жел, и-жағынан күркіреп, иып жатса аққан сел, иып малы өзгеден, төше боп әсер тал,—деп тіледі.

Ай қазақтың әрбір ұлы, қызының еркі, ядығы үшін ой-санасын жетілдіру, кгізү үшін күресті. Оларды халқың е, халқы үшін, адам баласы үшін кыз етуге шақырды, адамгершілікке бау-

ы. И-ақ нәрсе адамның хасиеті: тық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек. Ины біл. Талап қыл, өнер, кәсіп ізде. Иғы келсе қарсы тұр, күлді берме, ізық келсе, қызырып, оған да ерме, үрегіңе сүгі де, түбін кез де.

дан тапқан шың асыл тастай көрме,— ақыл айтып, қайрап, жігерлендірді. ай қазақтың жаңа әдебиетін—мағына-ерен тілі орамды, өрнегі шебер, кесте-еркем әдебиетін жасады. Шың мағына а өлең өнерін жасады. «Мақсатым—таратып, өнер шыңпақ» деген сөзіне

ай халқың «іші алтын, сырты күміс» қазынасын, мәңгі өлместей асыл сөз пиясын қалдырды. Ол, қазақ халқының іл тұсындағы түрмис суреті, дүние-та-мнәз-хұлқы, зар-мұны, тілек-арманы, жапа көрген, көп шыдамдылықпен жақ болашаққа сенген ер халықтың бейне-

І. Абай өз халқының мейлінше сүйді. Сол халқың бую ақылды, онымен тілек-ар-ы, тарихи тағдыры бір халықтарды сүй-Халқыңа үлгі боларлық, жәрдем қолын-лық ұлы орыс халқының мәдениетін, өн сүйді.

Бай—халқының шың ұлы. Ол өмір бо-халқының қайғы-шерін жазып, мерейін-ру жолында қызмет етті. Абай халқы-ек өз тұсында ғана қызмет етіп қойған, ол өзінің жарқын бейнесімен асыл терімен бүгін де қызмет етіп отыр.

Бай—қазақ халқының ұлы классик-ны, үлкен ойшыл, зор әлеумет қайрат-ы. Сол үшін оны халқымыз сүйеді де-мек етеді, оның атын мақтан етеді. Соң-дан, оның туғанына жүз жыл толған-ді еліміз зор мереке етіп өткізеді.

II. Абай бұл тар заманның басындағы екінші

ласында екі түрлі шаруашылық-әлеуметтік қалып, қарым-қатынас ұштасып жатты: бі-рі күннен-күнге әлсіреп, құрып бара жа-тқан бектік-феодалдық қалыптың қалдығы, екіншісі, күннен-күнге өсіп, күш алып келе-жатқан жаңа, капиталистік қарым-қатынас еді. Осы екеуінің торысуы қазақ даласын-да шаруашылық, әлеуметтік қайшылықтар-дың айқын көрінуіне себеп болды.

Міне, Абай өзінің осы заманының оның-осы өзгешелігін—шым-шытырық қайшы-лықты өкенин жақсы ұққан ақын.

III. Абай он жасына дейін ауылда өсіп-ел-ден, молдадан оқыды. Он жасына келгенде-оны әкесі Семей қаласына әкелді, медресе-ге оқуға берді. Онда оқу, әрине, ескіше, ығый дін сабақтары. Соның көбін арап, парсы тілінде оқиды.

Абай медреседе үш жыл оқиды. Өзіме-бірге оқыған үлкен, кіші балалардың бар-лығынан анағұрлым зейінді, ұғымтал жо-не ерекше мыласты болған Дәріс ретінде оқылатын сабақтарды ұғып, білу. Абайға-өзге, балалардан анағұрлым оңай, көп уа-қытты да алмаған.

Сондықтан барлық артылған уақытты Абай өз бетімен, өзі сүйген кітаптарын оқу-ға жұмсап, көп тілділуге салынады. Өз бе-тімен оқытын кітаптары, арап, парсы, тү-рік жұрттарының ақындары. Олар сол сол-тілдерде жазылған ертегі, қыса сыяқты әдебиет кұралдары.

Абай оқыған кітаптың көбіне сынмен қа-рай білетін, ресімді оқушы бола бастайды. Арап, парсы, түрік ақындарының ішінде-өзінің әбден сүйіп тандап оқыған ірі ақы-ндары болады. Соңардан әр сөздерін оқып-шығып, талай бейітерін (жырларын) жат-тап жүреді.

Кітап жүзнен алған тәрбие мен жазба-үлгілер бойынша ол уақыттағы өлеңге жа-рағатын тіл жалғыз арап, парсы тілі деп білді. Абай да алғашқы өлеңдерін арап, парсы тілдерімен Фәузіл, Сағдише айтады.

Медреседе үшінші жыл оқып жүрген уа-қытта Абай Семей қаласындағы «Приход-ская школаға» түсіп, орысша да оқып бас-тайды. Бірақ мектепте оқуы ұзақ болмай-ды. Басы-аяғы үш-ақ аймен бітеді. Мұсыл-мақша оқуы да досарылады.

13 жасқа толғанда әкесі Абайды оқудан-шығарып өкетеді. Ел билеу жұмысында өзі-не серік қылмақ болып, жаңа міндетке ар-нал, сол жолға баулап бастайды.

Ағайын дене қуаты мен ой қуатына да-ғым келмейтін салмағы зор міндеттер басы-ға түскен соң Абай жаратылыстары зерек-тік, таланттылық сыяқты өнерінің барлығын ерісісі осы жолға салады. Ел кісісімен араласқанда, сөз керек, тақырлық керек. Кезелді жерге келгенде айла да, ашу да керек. Әрбір көлденең келген істің түсін да өзгелер не сөйлейді, не істейді? Бұрын-ғы жақсы адамдар не айттып, не істеген? Өз әкесі қайтеді? Оған қарсы адамдар не тілейді? Осының бәрін Абай ел сөзіне кірі-се бастаған соң-ақ тесіле қарап, толық ұғынып, жете білуге тырысады.

Абай жігіттік шағына жеткен уақытта қазақтың ескі сөзі, ескі жол-жобасы, мә-деніеті, өнері, тарихы, әдет-ғұрпын

тоғеский, Чернышевскилермен Сібір, Қазақ-стан халықтарын таныс етеді. Ол халық-тардан шыққан ел қамқоры, саналы азамат-тардың бәрін жаңағы жазушылардың еңбек-терімен таныс ету айдаулары революция-шыл демократтардың саяси үлкен жолы-ның бірі болады.

Бұлардың арасында Абайға алдымен әсер-еткен кісі Мұхаметіс. Оның істеген еңбегі көп болғандықтан Абай кейінгі уақыттар-да: «Дүниеге көзімді ашқан кісі Мұхаметіс» деп, алғашқы басшылық істеп, бет-нұсқағандығы үшін өмір бойы алғыс айтып-кеткен.

Мұхаметістің өзінің тексерген саласы та-биғат ғылымы болса да (жердің жаратылы-лық оқыған), әр тарау жолдардан мағлұма-ты болған мәдениетті адам, Абайға қандай-кітапты оқу туралы шыңымен үлкен бағыт-берген.

Бұрын қолына түскеннің бәрін талғаусыз-оқып жүрген Абай, ендігі оқуын Мұхаметіс-тің ұсынуы бойынша, үлкен тәртіпті ретке-келіп, көркем әдебиет, сын философия, табиғат ғылымдары, әлеумет жайындағы кітаптарға шейін тарау-тарауымен жоспар-мен оқығандық болған.

Сонымен, 1884—1885 жылдары Абай дү-ниеден көп мағлұматы бар кісі болады. Өнерге туралы ғылым-философияға сүйен-ген айнаулы көз қарасы, сөзін бар әнше-йін, ел кісілерінен анағұрлым қырағы, оз-ғуы кісі болып, жекеденіп шыға бастайды.

Абай өз айтқанына, отыздың ішінен бас-тап, Европа оқымыстыларының көп кітап-тазын оқып, қырыққа таман келген уақыт-та «бұрынғы дүниенің асты-үстіне шығып-стырып, Күн шығысын, Күн батыс. Күн ба-тысын Күн шығыс болып кетті» дейді. Ол енді бұрынғы күнге үйлескісі келмей, за-манынан, ортасынан озып шығып, ұстаз, оқып, данышпан болуға айналған Абай бо-лады.

IV. Абай қазақтың ірі феодал табынан шық-қан. Оның өз әкесі Құнанбай, оның әкесі Өкенабай, үшінші атағы Бірғазбай—бұқа-дың барлығы да ірі феодал болған, ру ішін-де үлкен үстемдік жүргізген адамдар. Әс-ресе, Абайдың туған әкесі Құнанбай өз ла-уірінің феодалдық табының бел баласы, айқын өкілі. Ісі мен мінезінде заманының, ғалай айқын талбасы, талай ересілдігі, бар-адам болған.

Бірақ Абай өзінің ісінде болсын, өлең-жыр-танба болсын өзі шыққан таптың сө-зін сөйлемейді, халық сөзін сөйлейді, тап-қанымен жоқтамайды, халық намысын жоқ-тайды, атаның ұлы болмайды, адамның ұлы болады.

Күн шығыс пен Күн батысты жете біліп, заман ағымын әбден аңғарып, жол азғын-мен етіп алған Абай, халықтың хал-жайын мұң-зарын жете ұқты. Ол ақын жөнінде айтқан сөзінде:

Қырағы қарап Қырымға
Мұң мен зарды қолға алар.

Кекеткен нағыз, зұлымға,
Шыйрынды атар, толғанар.

Әдепте пен ақылға,
Абайдың даналығы осы көрсетілген жар-

Ақынның бұл өлеңдерінің тағы бір зор-саяси мәні болды. Абай би, болысты жек-сұрып, жаман етіп көрсету арқылы, патша-үкметін, патша үкметінің отаршылдық сая-сатын сындады. Жұртқа патша үкметін де-жексұрып етіп көрсетті.

Бұл ретте Абай орыс халқының ұлы жа-зушыларын Салтыков-Шедриннің, Гоголь-дің әдісін қолданды деуге болады. Олар да өз тұстарындағы түрлі чиновниктердің, үкмет адамдарының жаман қылығын, оң-бағандығын, күнсыздығын көрсетіп, сы-нап, сол арқылы жұртқа патша үкметінің өзін күбыжық етіп көрсететін. Патша-үкметінің саясатын сынайтын еді.

Сөйтіп Абай жуандар тобынан жеріп, бөлініп шығып, момын шаруаны, еңбекші-елді, есесіз көпті тапты, соның тілеуін тіледі. Абай бір сөзінде:

«Жал осы күнде қазақтың ішінде кімді-жақсы көріп, кімді кәдірлеймін деп ойла-дым... Болыс пен биді хұрметтейін десем, күлді берген болыстық пен билік елде-жоқ. Сатып алған, жалынды, бас ұрып ал-ған болыстық пен биліктің ешбір хасиеті-жоқ. Мықтыны хұрметтейін десем, жаман-шылыққа елдің бәрі мықты, жақсылыққа-мықты кісі елде жоқ... Жә, кімді сүйдің, кімнің тілеуін тіледің? Енді, әлбетте, мо-мындығынан «орыс баққан дау бақп» е-теген мақалменен болар деп бергенімен жаңа алмай, жарымын беріп, жарымын ты-ныштығымен баға алмай, ұры залым кү-дарға жеміт болып жүрген шың момын ша-руаны аямаған, соның тілеуін тілемесен болмайды, солдан басқаны таба алмады» дейді.

Ал, момын шаруа, халық, әлті айтқан, екі бірдей қанауда: Ұлт-отарлық қанау-мен бектік-феодалдық қанауда—жаншы-лып, жапа көріп жатыр. Осыны көріп ақын:

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз ауызына түсті мұртың...

...Өзімдікпей алмай өз маңыңды,
Күннің күлкің бұзылған түнде ұйқың—

деп зарлады.

Осымен қатар, Абай қалың бұқараның басындағы бұл күйдің ақыр бір күн ары-латынын, бұл екі бірдей қанаудың ақыр бір күн жойылатынын аңғарды:

Жамандар қыла алмай күр адал еңбек,
Ұрылық, қулық қылдым деп қағар көл-бек.

Арамдықтан жамандық көрмей қалмас,
Мың күн сынбас, бір күні сынар шөл-мек—

дейді. Ол болашақтан зор үміт күтті, жарқын, шат, бақытты өмір күтті, сол бо-лады деп сенді.

Сондай-ақ, Абай орыс халқының ішін-дегі қанаттан қалың бұқара мен қазақ-ішіндегі еңбек елінің тарихи тағдыры, ой-тілегі, бір екенін аңғарды. Және осы аң-ғарғаны халыққа еңгартуды өзіне борыш-міндет санады.

Қаранғыда қатмалған елге жөн сілтей-тін, ел мұның өз мұңы етіп, ел тарихын жаңғыртып, өзгертетін ер, азамат керек. Абай мұны да жақсы білді.

Абайдың даналығы осы көрсетілген жар-

«Адам заттың бәрін сүй бағырым деп» де-ді. Осындай оң, интернационалшыл болды.

Халқының бәрін Шығыстың Батысқа бұ-ру, оны Батыс жолымен дамуға бастау, Батыстың, орыс—қақымы мәдениетін, өнер, білімді үйренуге, адам баласын ба-уыр көруге үгіттеп жағынан Абай өзінің тек қазан замандастарына ғана үздік ал-да болған жоқ сондай-ақ қазақ сыяқты елдердің көбіндегі замандастарынан да-үздік болды. Жақын Шығыста Абай тұ-сындағы ақын-жазушылардың, оқымысты-ғалымдардың бір де бірі өз халқын Евро-па мәдениетіне Абайдай үндеген жоқ.

V. Абай өлеңмен, ақындық өнерімен қы-рық жасқа келген кезінде, 1886 жылдан бәр-гі жерде шыңдап айналысады. Бұған дейін ол өлеңді тып-қашып, анда-санда жазатын болады және жазған өлеңдерін «Көкбай айтқан өлең» деп жүргізеді.

Бұл кезде Абай сыртқы өмір жеміссіз, ажарсыз, мағынасыз деп ұғарды. Бірақ-қан ақынның ішінде толып жатқан қар-сылық бар. Халық туралы ойына жыйнал-ған ұлы зар үлкен мұң, қалың асман бар. Осының бәрін Халыққа, талантты жастар-ға жеткізіп берерлік нәрсе—ақындық, өлең болады.

Абайға ақындық үлкен кәдірлі мағына-сы бар әлеуметтік қызмет, қоғамдық зор еңбек болып танылады. Ол ескілік, надан-дық, зорлық, жуандық, пәле-қорлық сы-яқты жағдайлармен, атқа мінерлер, би, болыстар мінезінмен мықтап тұрып алысуға-кіріскен. Өзінің ой-пікірін жолың түсініді-руге кіріскен еңбегі, Абайды кейінгі буын-ға және сол кездегі қалың елге, көпшілік-ке, саналы жастарға, нағыз кәдірлі. Абай етіп көрсететін еңбегі. Ол ақындықты сынып, тәрбиеші, хасиетті дос етіп ұсы-нады. Сондықтан Абайдың бұл қарсаңда-ғы өлеңдері көбінесе, зұлымдық, надан-дықпен кектене алысу, мұң атаулыны көз-ге шұқып басқа сабап айту, өзінің елге-айтқан зары, өсиеті болып келеді.

Сонымен, Абай 1886-жылдан 1889-жыл-ға дейін, өзі жазғаны бар, орысшадан ау-дарғаны бар, көп өлең жазды. Дәл 1889-жыл Абайдың барлық ақындық қызметі-нің ішіндегі ең өнімді, ең жемісті жылы-болады. Және оның бұл кездегі өлеңдері тек өсиет болып келмей, сонымен қатар, махаббат жайында, табиғат суреттері, өлең, әң-күй туралы, өзінің бас қайғысы, ішкі сыры туралы болады.

Абайдың қай өлеңі қай кезде жазған өлеңі болсын ішкер тілді, көркем сурет-ті, терең мағыналы келеді. Ол өлеңді ер-мек деп дүмән-сауық құралы деп білмей-ді, өнер деп, халықты тәрбиелейтін құрал-деп біледі. Сондықтан ол өлеңнің пікірі, мағынасы қандай терең болса, түбі көпкі-рөңдай сұлу болсын, өлеңнің «іші алтын, сырты күміс» болсын, ол қиыннан қиы-ыстырылсын; сөз арасы бөтен сөзбен был-ға-бассын, жүрекке қылы, тілге жеңіл бол-сын деді.

Бұл Абайдың өзіне өлең заңы, өлең-қыйысын еді. Абай өзінің өлеңдерін осы-заңға сай келтіріп, өзі айтқандай етіп жазды. Абайға бұрынғы ауызына жазба-

дермен қатар, аудармалар, ақынның өз-жүрегінен толқып шыққан қайғыды шер-дің де айнасы, толғас тынысы сыяқты бо-лады.

Бұл уақытта Абай жалғыз өз өсиетін айтпай, Шығыс пен Батыстағы өзі таныс-болған бұрынды-сонды данышпан, ғалым, ақын жазушы атаулының бәрін мысал-келтіріп отырады. Ұдайы ойшылдыққа са-лына бермей көркемдік тәрбиені де көп-ондайды.

Осы ретпен өзі оқыған қызықты, шебер романдардың көбін де өз тілі, өз аудар-масымен әсем әңгіме кып айтып береді. Абай мектебінен тараған осындайлық со-ны әңгімелердің ішінде өз уақытына жа-на болған «Мың бір түн», «Шаһнама», «Бақтажар», «Ләйлі-Мәжнүн», «Көрүлі Сұлтан» сыяқтылардан басқа Европаның да тадай романдары болады. Абайдың айтқанынан тараған А. Дюманың «Үш-мүшкетері», «Он жылдан соң, Король қа-тын Маргосы», Пушкин әңгімелері және Батыс Европада орта ғасырда инквизиция-сотының заманын суреттейін «Қызыл са-қал» деген роман, одан соң Америк.з. Аф-рикада жабайылар ортасында күн кешкен «Жапанкездер» жайындағы романдар да көп айтылатын болған.

Абай тәрбиесінің тағы бір ерекшелігі—ол өзін «шығыс адамы едім», «мұсылман-едім» деп, дін тұсауына бағындырмаған. Жастарға үлгі, тәлім етіп айтқанда, өле-нінде орыс халқының ұлы жазушылары—Толстой, Салтыков-Шедринді ұсынағын сыяқты ауызша өсиетте де Сократ хаким, Аристотель сыяқтыларды, қоса айтады. Ұлттық тар көлемде қалмайды.

Өзінің тәрбиесінде болған жас ақында-ға әңгімелі поэмалар жазуға тақырыптар бергенде, қулашты тіпті кен жаяды. Көк-бай сыяқтыларға қазақ тарихының ескілі-гін баяндайтын тақырыптар берсе, Маға-уияға пішпадықпен, алысқанд Шамилдің жайын поэма еткізеді. Және сол Мағауи-яға «Медхат Қасым» деген поэмада, Аф-рикадағы плантатор бой мен намысқор ер-құлдың алысқаны дастан еткізеді. Ақыл-байға Қавказдағы «Дағыстан» жөнінен, Африкадағы «Зұлыстар» жайында поэма-жазғызады.

Абай айналасында өлең айтып ән сала-мын деген енші, ақыл болса, қыз-келін-шек, жас-көрі болса—барлығының да топ-та, ойын-тойда айтатын жырларының көбі Абай сөздері болады.

Абайдың нәрлі еңбегін айтқанда ығый-ақындығын сөз қылып қоймай, осымен қа-тар, одан қалған мәдениет мұраларының ішінде үлкен, елеулі орны бар, әншілік (композиторлық) еңбегін де аңау керек. Абай өзі жақсы домбырашы болған. Қа-зақтың ескі ән-күйін жете білген, барын-ша сүйген. Елдің ән-күйін елти сүйіп айт-қан.

Құлақтан кіріп бойды алар,
Жақсы ән мен тәтті күй,
Көңілге түрлі ой салар,
Енді сүйсен менше сүй,—

деген өлеңдері бұған дәлел. Абай ән-күйге талай-талай сұлу мағы-на жырларын арнайды. Ол музыкаға,

